

Анықтама№1

Зерттелуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 13.09.2024ж

Әдістеме: «Досыңмен кездесу»

Мақсаты:

Басқа адамның эмоциялық жағдайын түсіну қабілеттері мен өзінің жағдайын соған сай көрсете білу дағдысын, мәнерлі қозғалысты дамыту.

Нұсқауы:

Психолог балаларға бір әңгіме айтады: «Баланың досы бар еді. Жаз басталды да, оларға айырылысуға тура келді. Бала қалада қалды, ал оның досыы ата-анасымен бірге оңтүстікке кетті. Досыңыз қалада көңілсіз еді. Арада бір ай уақыт өтті. Бірде бала көшеде келе жатып, аялдамада автубустан түсіп келе жатқан досын көріп қалды. Олар бір-біріне қалай қуанады десеңізші». Қалаулары бойынша балалар осы сценканы ойнап көрсетеді. Мәнерлі қозғалыстар: құшақтау, күлкі, қуаныш сезімі.

Қорытындысы:

Ересек тобы «Досыңмен кездесу» ойының қызыға ойнады. Балалар өзінің қабілеттерін, жағымды қасиеттерін бағалай алды. Ойын барысында балалар өздерін қабілетті екендерін көрсетті.

Анықтама№2

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 16.09.2024ж

Ойын тақырыбы: «Танысу» ойыны

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынысатың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

- Алдымен танысайық, біз оны былай жасаймыз: дөңгелене отырып, сағат тілі бойынша, кезек - кезек әр қатысушы өз атын және өзінің нақты сүйікті ісін айтады. Екінші ойыншы өзі туралы айтпас бұрын алғашқы адамның сөзін қайталап айтуы керек. Содан кейін өзі туралы айтады. Ал үшінші адам бірінші, екінші адамның айтқанын қайталап, сонан соң өзі жайында хабарлайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Талқылау:

1. Қай ойыншының есімі, сүйікті ісі сенің есінде жақсы сақталады?
2. Несімен жақсы сақталады деп ойлайсың?
3. Қай қатысушыны еске түсіруі қиынға соқты?
4. Не үшін қиын болды деп ойлайсың?
5. Қатысушылардың сені есінде сақтай алмауы қалай әсер етті? Және т.б

Қорытындысы:

Балалар «Танысу» ойының қызыға ойнады. Балалар бір-біріне әдептілік танытты. Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнатты.

Анықтама№3

Зерттеуші топ: Кіші тобы

Зерттеу уақыты: 18.09.2024ж

Әдістеме: «Сиқырлы сөздер» ойын

Ойынның барысы:

Психолог кез-келген өтінішті айтады, ал бала оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айша, дәптерді бер. «Айша өтінемін дәптерді берші» Ізеттілік туралы ертегіні тыңдау.

Қорытындысы:

Балалар «Сиқырлы сөздер» ойының қызыға ойнады. Балалар бір-біріне әдептілік танытты. Ізеттілік туралы ертегіні тыңдады.

Анықтама№4

Зерттелуші топ: Кіші тобы
Зерттеу уақыты: 20.09.2024
Әдістеме: «Ку-ку» ойыны

Мақсаты:

Баланы эмоционалды тұрғыда дамытып, байқампаз етеді.

Нұсқауы:

Анасы «Ку-Ку!» деп, қолының немесе бір заттың арттына тығылады. Бала жоғалған анасын іздеп, оның қайта пайда болуын күтеді. Бірнеше секундтан кейін, назарына анасы пайда болып, екеуі де қуанышқа бөленеді. Осылайша бірнеше рет қайталанады.

Қорытындысы:

Кіші тобы «Ку-Ку» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерін қабілетті екендерін көрсетті.

Анықтама№5

Зерттелуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 24.09.2024ж

Әдістеме: «Сыйлық»

Мақсаты:

Бір-біріне ыммен сыйлық сыйлау.Балалардың ойлау қабілетін логикасын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог балаларға ыммен қалай сыйлық сыйлау керек екенін түсіндіреді.Балалар соны ойланып табады.Кезек кезек бір-біріне ыммен сыйлықтар береді.Ойын солай жалғасады.

Қорытындысы:

Ересек тобына «Сыйлық»ойыны ойнатылды.Балалар ойынды қызықты ойнады.Бір-біріне ыммен сыйлаған сыйлықтары ұнады.Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Анықтама№6

Зерттелуші топ: Ортаңғы тобы

Зерттеу уақыты: 25.09.2024ж

Әдістеме: «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажырата алу.

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Ойын барысы: қағаздан жасалған есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше түсіне карап есігін табу.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобы «Үйдің есігін жабайық» ойының қызыға ойнады. Балалар ойын барысында өте белсенділік көрсетті. Жуан және жіңішке заттарды балалар өте жақсы ажырата алады.

Анықтама№7

Зерттеуші топ: Кіші тобы
Зерттеу уақыты:27.09.24ж
Әдістеме: «Қолың қайда?»

Ойынның барысы:

Бала қолын(бір затты) арқасына тығады. Үлкен кісі: «қолың қайда? Жоқ па?!» -деп сұрайды. Бала қолын көрсеткенде, үлкен кісі таңғалып: «міне,қолдар!»-деп қуанады. Бала ойынды өзі басқарып отырады.

Қорытындысы:

Балалар «Қолың қайда? »ойының қызыға ойнады.Балалар бір-біріне әдептілік танытты.Балалар ойынды алма-кезек өздері қызғушылық танытып басқарып отырды.

Анықтама№8

Зерттеуші топ: Кіші тобы

Зерттеу уақыты:04.10.2024ж

Әдістеме: «Қай қолымда» ойыны

Ойынның барысы:

Үлкен кісі қолына бір затты екі қолына алмастыра жасырып отады. Затты екінші қолына ауыстырғанда арқасына тығып ауыстырады. Бала бәрін бақылап отырып, заттың қай қолда жасырынғандығын табуға әрекеттенеді. Ол үлкен кісінің қолдарынан көзін алмай, барынша ұқыпты болуға тырысады.

Қорытындысы:

Балалар «Қай қолымда »ойының қызыға ойнады.Балалар ойында өте белсенділік танытып өздерінің ұқыпты екендерін көрсете білді.

Хаттама№9

Топтың аты:Ересек тобы

Тексерілген күні: 09.10.2024ж

Әдістеме: «Жұмбақ заттар»

Ойын мақсаты:Балаларға қазақ тілінде деген қызығушылығын арттыру,өмірге деген көзқарасын дамыту.

Ойын ережесі:

Әр ойыншы өзіне ойын алаңын таңдайды.Психолог карталарды суретімен төмен қаратып араластырады.Барлық ойыншылар дайын болғанда,психолог ойыншыларға көрсетпей бір картаны таңдап,жұмбақ айтып береді.Егер ойыншы түсініп,менде сондай заттың суреті бар десе,онда карточканы ойыншыға береміз.

Қорытындысы:

Мектепалды тобының балаларына түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар қазақ тілінде қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып ойлау қабілеттерін дамытты.

Анықтама№10

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 10.10.2024ж

Әдістеме: «Сиқырлы сөздер» ойын

Ойынның барысы:

Психолог кез-келген өтінішті айтады, ал бала оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айбек, дәптерді бер. «Айбек өтінемін дәптерді берші» Ізеттілік туралы ертегіні тыңдау.

Қорытындысы:

Балалар «Сиқырлы сөздер» ойының қызыға ойнады. Балалар бір-біріне әдептілік таңытты. Ізеттілік туралы ертегіні тыңдады.

Хаттама№11

Топтың аты: Кіші тобы
Тексерілген күні: 11.10.2024ж
Әдістеме: «Ойыншықтар»

Мақсаты:

Ойын баланың зейінін,қыралығын дамытады.Ойын карталарында ойыншықтар атауы қазақ және орыс тілінде берілген. Әсіресе баланың қазақ тілінде деген қызығушылығын арттырады.

Қорытындысы:

Кіші тобына «Ойыншықтар»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.Жалпы байқағаным өткен айларда жүргізілген түзету-жұмыстарымен салыстыратын болсам,балалардың алға ұмтылысы және белсенділіктері артқанын көруге болады.

Анықтама№12

Зерттелуші топ: Ересек тобы
Зерттеу уақыты: 14.10.2024ж

Әдістеме: «Біреу-көп» ойыны

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау.

Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер.

Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.

Қорытындысы:

Балалар «Біреу-көп» ойының қызыға ойнады. Ойынға 20 бала қатысты. Балалардың танымдық белсенділігін ояту, логикалық ойлауын, қабілетін дамытты.

Хаттама№13

Топтың аты: Ересек тобы
Тексерілген күні: 15.10.2024ж
Әдістеме: «Бір,екі,үш»

Мақсаты:

Түс,пішін және көлем туралы түсінікті қалыптастырады.
Белсенділікті,логиканы,ойлау,қиялдау,түсті қабылдау қабілетін дамытады.

Қорытындысы:

Ересек тобына «Бір,екі,үш» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.Балалар түс,пішін және көлем туралы түсінікті қалыптастырды.

Анықтама №14

Зерттелуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 23.10.2024ж

Әдістеме: «Шөлдеу» ойыны

Мақсаты:

Достыққа, бір-біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу

Жаттығудың жүргізілуі:

Балалардың қолдары шынтан қозғалмайды. Балалар өздерін ыстық шөл даладамыз деп елестетеді, қатты шөлдеп жүреді. Бір кезде тостағандағы суларға кездеседі. Енді осы суды ішуге амал табулары керек (бір-біріне көмектесуді үйренеді)

Қорытындысы:

Балалар «Шөлдеу» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар бір-біріне көмектесуді үйренді.

Анықтама№15

Зерттеуші топ: Кіші тобы

Зерттеу уақыты: 28.10.2024 ж

Әдістеме: «Тығылмашақ» ойыны

Ойынның барысы:

Бала перденің артына тығылады. Анасы оны көріп тұрса да: «Айдар қайда? Мүмкін кереуеттің астында шығар? Әлде шкафтың ішінде ме екен? Қап, мұнда да жоқ. Ааа, онда столдың астында шығар? Мұнда да жоқ! Айдаар, қайдасың?» -деп іздеген сыңай танытады. Ойын жалғасады, Айдардың назары да жалғасады. Ойын – баланың назарын ұстап тұруға көмектеседі.

Барлық ойынды баланың өзі де ойнай алады, алайда процесс қызықсыз жүріп, жалықтырады. Ал үлкендермен бірге ойнаса, эмоция да қызығушылық та жоғары болады.

Қорытындысы:

Балалар «Тығылмашақ» ойының қызыға ойнады. Балалар ойында өте белсенділік танытып өздерінің ұқыпты екендерін көрсете білді.

Хаттама №16

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 01.11.2024

Әдістеме: «ОТБАСЫНЫҢ СҮРЕТІ» тесті

Баланың ішіне тереңірек кіріп және ол қалай тұрады, оны не мазалайды, ол нені армандайды, қоршаған әлемді, отбасын және Сіздің өзіңізді қабылдауы қалай екенін түсінгіңіз келе ме? 4жастан бастап Саз сүретті «Менің отбасым»-таты тест өткізе аласыз. Балалар қоршаған әлемді үлкендер сияқты қабылдамайды. Ерекше бала ұғынулары үлкендер түсінбейтін және қабылдамайтын, эмоциялық реакцияларды шақырады. Баланың ішкі дүниесінде, сыйыспайтын, кездейсоқ сияқты фантастикалық бейнелер, өз «теориясы» құрылады.

Тестің мәні

Балаға қағаздың стандарттық парағын, түрлі-түсті қарындаштар жиынтығын береді (жай қарындаш, қалам, өшіргішті бермесе дұрыс болады), сосын: «Өз отбасынды сүретте»-дейді. Бірақ отбасы құрамына кім кіретінің есіне салу керек емес, өзі қалай көрсе, солай салсын. Егер бала сұраса кімді салайын деп, оған толық ерік беріңіз, тіпті аңдарды салса да салсын, бәрібір сүрет жеткілікті ақпаратты болады. Сүрет салып болғаннан кейін, жетекші сұрақтар қойыңыз: кім қайда сүреттелді, отбасы мүшелері не істеп жатыр, кім қандай көңіл-күйде және т.б.

Қорытындысы:

Әр балаларға жеке-жеке «Отбасының суреті» әдістемесі тақырыбында суреттер салдырдым. Балалардың салған суреттері арқылы жеке жұмыстар жүргізіп және салған суреттерімен жеке әңгімелесу жұмыстарын жүргіздім.

Анықтама №17

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 04.11.2024ж

Әдістеме: «Бір-біріңді таны» ойын

Мақсаты:

Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру.

Ойын барысы:

Ойынды психолог қатысушыларға шеңбер құрып отыруын сұрайды. Ойынның шарты бойынша ортақ белгілері бар ойыншылар орындарын ауыстыруы керек. Мысалы: кімнің үйінде үй жануарлары бар, орындарыңызды ауыстырыңыздар! Ойын жүргізуші шеңберді ортасында тұрып босаған орындардың біреуін алуға тырысуы қажет (орындардың саны ойыншылардың санына қарағанда кем болуы тиіс). Шеңбердің ортасында қалып қойған ойыншы жүргізушіге айналады және ойынды жалғастырады.

Қорытындысы:

Балалар «Бір-біріңді таны» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Ойын барысында балалар коммуникативті дағдыларын қалыптастырды.

Хаттама №18

Топтың аты: Ортаңғы тобы

Тексерілген күні: 05.11.2024ж

Әдістеме: «Зейінді бол»

Мақсаты:

Балалар шеңберге тұрады. Психолог ойынның ережесін түсіндіреді. Мен сендерге әр түрлі қимыл қозғалыстарды көрсетіп тұрамын. Сендер оны қайталап тұруға тиістіңдер. Бірақ мен ескерткен қозғалысын қайталауға болмайды. Кім қайталаса сол ойыннан шығады. Психолог әр түрлі қозғалыстарды көрсетіп, қайталамайтын қозғалысты бірнеше рет көрсетеді. Қай бала шатасса ойыннан шығады. Ойынның жеңімпазы жүргізуші болады. Сол бала қайталанбайтын қозғалысты өзі шығарады.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобына «Зейінді бол» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойынның ережесін өте жақсы түсінді.

Хаттама№19

Топтың аты: Ересек тобы

Тексерілген күні: 06.11.2024ж

Әдістеме: «Бұл неден жасалған»

Ойынның мақсаты:

- Балаларды табиғи материалдан жасалған заттардың түрлерімен таныстыру;
- әр түрлі материалдан жасалған заттарды топтастыра білуге үйрету;
- балалардың табиғи материалдар туралы түсініктерін бекіту,оның қасиеттері туралы білім беру;
- қоршаған ортаны сүю,заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Қорытындысы:

Ересек тобына «Бұл неден жасалған»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Анықтама №20

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 07.11.2024

Әдістеме: «Допты беріп жібер» ойын

Мақсаты:

Топта жұмыс істей алу қабілетін дамыту.

Ойын барысы:

Ойыншылар бір-біріне қарама қарсы жұп жұбымен тұрады. Бір ойыншыда доп. Ойыншылар жүгіріп келе жатып бір-біріне допты беріп отыруы тиіс. Эстафеталық ойынды бірінші аяқтаған топ жеңімпаз атанады.

Қорытындысы:

Балалар «Допты беріп жібер» ойының қызыға жасады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Топта жұмыс істей алу қабілеттерін көрсетті.

Анықтама№21

Зерттеуші топ: Кіші тобы
Зерттеу уақыты:08.11.2024

Әдістеме: «Орамалмен билеу» ойыны

Мақсаты:
Баланың танымдық белсенділігін дамыту.

Ойын барысы:
Бала психологтың (үлкен кісінің) биін қаталайды.

Қорытындысы:

Балалар «Орамалмен билеу» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып, билеп жүрді. Балалар осы ойын арқылы танымдық белсенділігін дамытты.

Хаттама №22

Топтың аты: Ортаңғы тобы
Тексерілген күні: 12.11.2024ж
Әдістеме: «Қазынаны тап»

Мақсаты. Заттарды жалпылау, олардың түсін, пішінін, көлемін, жуандығын атай білу қабілеттерін дамыту.

Материал. 8 төртбұрышты логикалық блоктар, қағаздар жасалған дөңгелектер (қазына), түс, пішін, көлем, жуандық белгілері салынған карточкалар (1 және 2 нұсқалар үшін).

Қорытындысы:

Ортаңғы тобына «Қазынаны тап» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Ойынның ережесін өте жақсы түсінді, пішіндерді жақсы ажырата алды.

Анықтама№23

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 13.11.2024

Әдістеме: «Түгендеу-шатастыру» ойын

Мақсаты:

Еріксіз зейінді дамыту

Нұсқауы:

Психолог сол жерде отырған балалардың атымен тегін қате айтады. Балалар зейін қойып, мұқият тыңдап отырады. Тек қана атымен тегін дұрыс айтқанда ғана алға шығады. Егер кімде-кім қателессе, ойыннан шығады айыбын төлейді. Өлең, тақпақтар айтады.

Қорытындысы:

Ересек тобына «Түгендеу-шатастыру» ойыны жүргізілді. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды. Топта жұмыс істей алу қабілеттерін көрсетті. Қателескен балалар өлең, тақпақтарын айтты.

Хаттама №24

Зерттеуші топ: Кіші тобы
Зерттеу уақыты: 15.11.2024ж
Әдістеме: «Араға көмектес»

Мақсаты: Беске дейінгі санау білімдерін тексеру.

Тапсырма: Араға барлық гүлдерді реті бойынша ұшып өтуге көмектес.

Даму деңгейінің қорытындысы:

Төмен – тапсырманы орындауда қиналды, тапсырманы орындай алмады.

Орташа – берілген тапсырманы жартылай орындады.

Жақсы – берілген тапсырманы толық орындады.

Қорытындысы:

Жақсы деңгей: Абай Аян, Амажол Рахман, Асқар Ернат

Орташа деңгей: Бердібай Нұрсая, Ербұлан Ерзат, Жангелді Асылым

Хаттама №25

Топтың аты: Ортаңғы тобы
Тексерілген күні: 18.11.2024ж
Әдістеме: «Мен жеңімпазбын»

Ойын барысы:

Орындықтарды ортаға қойып, музыка әуені ойнағанда балалар шеңбермен айналып жүгіреді. Орындықтар саны балалар санының, 1 санға кем болу керек. Ең соңында қалған бала орындықтың үстіне шығып, мен жеңімпазбын деп айту керек.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобында «Мен жеңімпазбын» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар музыка әуеніне билеп күшті белсенділік танытты.

Анықтама №26

Зерттеуші топ: Ересек тобы
Зерттеу уақыты: 19.11.2024ж

Әдістеме: «Біз тамшымыз» ойын

Мақсаты:
Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

Нұсқауы:
Өздеріне ұнаған әуенге салып, қимылмен көрсетіп айту керек. Бәрі дөңгелене тұрады да: Біз тамшымыз дегенде жаңбырдың тамшысын бір теңіздің толқыны дегенде қолымен ирелектетіп толқынды көрсетеді.
Біз тамшымыз мұхиттағы
Бір теңіздің толқыны. Бізге келіңіз
Сен мен мен.
Бәрімізде бір жанұя боламыз.
Біз бұтақпыз бақшадағы.
Бір бақшаның гүліміз.

Қорытындысы:
Балалар «Біз тамшымыз» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өте белсенділік танытты.

Анықтама №27

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 20.11.2024ж

Әдістеме: «Өзің жайлы жақса сөздер айту» ойын

Мақсаты:

Коммуникативті қабілеттерді,өзінің жағымды қасиеттерін адекватты бағалай алу дағдысын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог әрбір баладан өзінің дағдылары,қабілеттері,қасиеттері,өмірдегі ерекше жағдайы жайлы айтып беруін сұрайды.Егер балаға қиын болса,онда психолог көмектеседі.

Қорытындысы:

Балалар «Өзің жайлы жақсы сөздер айту» ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар өздерінің ақылды,әдемі,батыр деп өздері жайлы осындай жақсы сөздер айтты.

Хаттама №28

Әдістеме: «Ойлан тап»

Топтың аты: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 21.11.2024

Ойын мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сенсорлық дағдыларын дамыту, дүниетанымды кеңейту; қабылдау, ойлау, сөйлеу, зейін, есте сақтауды дамыту.

№	Баланың аты-жөні:	Топ атауы	Балалардың жалпы психологиялық қабілеттері			Қалыпқа келтіру жұмыс түрі
			Ойлау	Қабылдау	Зейін	
1	Ақниетұлы Кенесары	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
2	Амантиева Наргиз	4 жас тобы	+	+	-	орташа
3	Асылханұлы Батырбек	4 жас тобы	+	-	-	төмен
4	Ержан Жаннұр	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
5	Есбулганов Айәмір	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
6	Есентаева Дария	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
7	Ералы Ернар	4 жас тобы	+	+	-	орташа
8	Жандарбекқызы Аяла	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
9	Жолдасбек Марлен	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
10	Изтлеуова Жанель	4 жас тобы	+	+	-	орташа
11	Кажимухан Көркемай	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
12	Кенжебеков Али	4 жас тобы	+	+	+	жақсы
13	Қоразбай Ахмад	4 жас тобы	+	+	-	орташа
14	Қоразбай Махмад	4 жас тобы	+	+	-	орташа
15	Қанат Ибрахим	4 жас тобы	+	+	-	орташа
16	Кабиев Ислам	4 жас тобы	-	+	+	орташа
17	Серік Айша	4 жас тобы	+	-	+	орташа
18	Самат Мухамад	4 жас тобы	+	+	-	орташа
19	Шотаева Айша	4 жас тобы	+	+	+	Жақсы
20	Теңелбай Раяна	4 жас тобы	+	+	+	жақсы

Қорытындысы:

Балалардың логикалық ойлау қабілеті, сенсорлық дағдылары, дүниетанымы, қабылдауы, ойлауы, сөйлеуі, есте сақтауы жақсы.

Анықтама№29

Зерттеуші топ: Кіші тобы
Зерттеу уақыты:22.11.2024

Әдістеме: «Бүлінген телефон» ойыны

Мақсаты:

Есту қабілетін дамытуға арналған.

Ойын барысы:

Бір сөзді психолог бір баланың құлағына сыбырлап сол сөзді қайталайды, солай жалғаса беріп барлық балаларға жеткізеді. Ең соңғы бала айтқан сөзді естіртіп дауыстап айтады. Мен әрқашан шындықты айтамын.

Қорытындысы:

Балалар «Бүлінген» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы қатысты. Балалар осы ойын арқылы танымдық белсенділігін дамытты.

Хаттама №30

Топтың аты: Ересек тобы

Тексерілген күні: 25.11.2024ж

Әдістеме: А.Р. Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау

Мақсаты: Балалардың мектепке бейімделуін қалыптастыру, психологиялық жетелеу.

Нұсқау:

«Қазір мен саған сөздер оқимын, ал сен есінде сақтағаныңды маған қайталап бересің. Мені мұқият тыңда. Мен оқып болғаннан кейін бірден қайтала. Дайынсың ба? Оқимын». Осыдан кейін 10 сөзді нақты айтыңыз, балаға қайталауды ұсыныңыз. Сөздердің орны ауысса болады. Осы жағдайды 5 рет қайталаңыз. Әр аталған сайын сөздерге х белгісін қойыңыз. Хаттамаға нәтижесін енгізіңіз. Бала нешінші рет қайталағанда көп сөзді есіне сақтап айтқанын анықтаңыз. Осыдан кейін балаға мынадай мінездеме беруге болады.

А) Егер бала бастапқыда көп сөз айтып, кейін сөз тізбегін азайтса, онда зейіннің шашыраңқылығын, ұмытшақтықты білдіреді.

Б) Бірде жоғары, бірде төмен зигзаг формасын көрсетсе, зейіннің тұрақсыздығын көрсетеді.

В) «қисық» формада болса, эмоциялық әлсіздікті, қызығушылықтың жоқтығын көрсетеді.

Қорытындысы:

Ересек тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып ойлау қабілеттерін дамытты. Балалардың мектепке бейімделуі орташа деңгейді көрсетті.

Анықтама №31

Зерттеуші топ: Ортаңғы тобы

Зерттеу уақыты: 26.11.2024

Әдістеме: «Тыңдай білу іскерлігі» ойын

Мақсаты:

Қарым-қатынастың тәсілдерін меңгеру, тыңдай білу іскерлігін жетілдіру.

Нұсқауы:

Балалар шеңбер бойымен отырады. Жаттығу жұппен орындалады. Жұптың біреуі 3-5 мин. Қатысушы жұбына өзін мазалап, абыржытып жүрген маңызды нәрсесін әңгімелейді. Ол үнсіз тыңдайды, тек вербальды емес мінез-құлыққа рұқсат беріледі. Одан кейін серіктестер рөлін ауыстырады. Жаттығудан басталуы мен аяқталуын топ жетекшесі белгілейді. Жаттығу аяқталған соң жұптар 1-2 минутта күйзелістерімен алмасады. Содан кейін жаңа жұптар жаттығуды тағы орындайды.

Қорытындысы:

Балалар «Тыңдай білу іскерлігі» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар бір-бірімен байланыс орнатуды, тыңдай білу іскерлігін жетілдірді.

Хаттама №32

Зерттеуші топ: Ересек тобы
Зерттеу уақыты: 27.11.2024

Әдістеме: «Аяқталмаған суреттер»

Ойын барысы:

Тұтастай қабылдауды дамытуға арналған әдістеме. Яғни балаға 2 нұсқа беріледі. Ол нұсқада үш суреттен орналасқан. Ол суреттер жартылай салынып , аяқталмаған. Балалар сол суреттерді табуы қажет.

Қорытындысы:

Ересек тобына «Аяқталмаған суреттер» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді. Балалар ойын барысында белсенділік танытып суреттерді тапты.

Анықтама №33

Зерттеуші топ: Ортаңғы тобы

Зерттеу уақыты: 28.11.2024

Әдістеме: «Не өзгерді?» ойыны

Мақсаты:

Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Ойын барысы:

Үстеді үстіне біренеше зат болмаса кішкентай ойыншық қойылады. Балаларға үстелде тұрған ойыншықтарды есінде сақтау ұсынылады, содан кейін «көзінді жұм» деп нұсқау беріледі, осы кезде психолог ойыншықтардың біреуін алып тастайды да қай ойыншықтың жоғалғанын табу ұсынылады. Осы ойынның басқа нұсқасы ретінде келесі тапсырма заттардың орналасуының өзгергенін табу болып табылады. Ойыншыларға үстелдегі заттардың қандай тәртіппен орналасқанын өзінде сақтау ұсынылады. Егер бұл ойын балаларға тым қиын болса, онда сөзбен бірігіп айту тәсілі қолданылады.

Қорытындысы:

Ортаңғы тобы «Не өзгерді» ойының қызыға ойнады. Балалар үстелде тұрған ойыншықтарды естерінде сақтай алды және қандай ойыншық өзгергенін айтып берді. Балалар осы ойындар арқылы танымдық белсенділігін дамытты.

Анықтама №34

Зерттеуші топ: Ересек тобы

Зерттеу уақыты: 29.11.2024

Әдістеме: «Ұзын қысқа» ойыны

Мақсаты:

Заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Ойын барысы:

Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстедің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.

Қорытындысы:

Балалар «Ұзын қысқа» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар заттарды салыстыруды, қысқасын табуды, ұзының атауды үйренді. Балалардың ойлау қабілеттері жақсы дамыған.

